

«Болашақ» мектеп мекемесінің әдістемелік бірлестігінің отырыс хаттамасы №1

Қатысқаны:20

2021ж 28тамыз

Күн тәртібі:

1. ҚР Білім Министрлігінің 2021-2022ж әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру; бірінғай талаптар.
2. 2021-2022 оқу жылы бірлестік жоспарын қарастыру, талқылау;
3. Жылдық, күнтізбелік, , ТЖБ, БЖБ жоспарларын талқылау;
4. Квалификациялық тесттен өтетін мұғалімдерді ережемен таныстыру;
5. Олимпиадаға дайындық, білім сапасын көтеру жұмыстары
6. Пән апталығының өту кезеңін жоспарлау.
7. Пән мұғалімдерімен ҚМЖ талқылау

Тыңдалды.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі Баймаханова А «2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатпен таныстырып өтті. 2021ж 6 сәуірдегі №130 бұйрықтағы талаптар туралы түсіндірілді.

2021-2022 оқу жылындағы бірлестік жоспарын таныстырып,отырыстардағы қаралатын мәселелер, жоспарланған іс шаралар талқыланды.

Күнтізбелік жоспарда 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат пен 130 бұйрықты басшылыққа алу керектігі айтылды. Қашықтықтан оқуға байланысты БЖБ Қазақстан тарихы мен дүниежүзі тарихы пәндері бойынша әр тоқсанда бір рет, ТЖБ Қазақстан тарихы пән бойынша әр тоқсанда бір рет, дүниежүзі тарихы пәні бойынша бір жартыжылдықта бір рет алынатыны түсіндірілді. Мектеп компонентіндегі курс тақырыптары белгіленіп, жоспарлары талқыланды.

Аттестациядан өтетін мұғалімдер ережемен танысты. Биылғы оқу жылындағы олимпиадаға дайындықты жүргізу туралы айтылды.

Білім сапасын көтеру жұмыстарының жоспары талқыланды. 1-4 сынып оқушыларымен дайындық жұмыстарын күшейту туралы айтылып, пән мұғалімі Әлімжан жұмыс жоспарымен таныстырды.

бірлестігінің отырыс апталығы жоспары талқыланып, қашықтықтан өткізу жоспарланды. 1-4 сынып оқушыларының апталыққа қатысуын әр сынып бойынша пән мұғалімдеріне жүктелді.

2021-2022 оқу жылында 130 бұйрықты басшылыққа ала отырып, қысқа мерзімді жоспар жазу керектігі түсіндірілді.

Қаулы етті:

1. ҚР Білім Министрлігінің 2021-2022 ж әдістемелік нұсқау хаты мен №130 бұйрықты басшылыққа алу әр мұғалімнен талап етілсін.
2. КТЖ, Мектеп компонентіндегі курстардың жылдық жоспарлары бекітілсін.
3. Олимпиадаға дайындық ,білім сапасын көтеру жұмыстары күшейтілсін.
4. Пән апталық жоспары бекітіліп, іс шаралар ұйымдастырылсын
5. Әр сабақ бойынша №130 бұйрықты басшылыққа ала отырып, ҚМЖ жазу мұғалімдерге міндеттелсін.

Бірлестік жетекшісі:

Баймаханова А

«Болашақ» мектеп мекемесінің әдістемелік бірлестігінің отырыс хаттамасы №2

Қатысқаны:25

2021ж 6 қараша

Күн тәртібінде:

1. І-тоқсанды қорытындылау, мониторинг арқылы салыстыра талдау.
2. Білім сапасын көтеру жұмыстары
3. Оқушылардың ғылыми – зерттеу қызметі нәтижелерін жүйелендіру және қорытындылау.

Тыңдалды.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі Баймаханова А І-тоқсан қорытындысымен таныстырды. Қазақстан тарихы пәні бойынша білім сапасы 56,5 пайыз, дүниежүзі тарихы пәні бойынша 54,8 пайыз көрсеткенін, мониторинг арқылы өткен оқу жылмен салыстырғанда төмен көрсеткіш екендігі айтылды.

Пән мұғалімі Оңғарова А білім сапасын көтеру жұмыстары І-тоқсан бойынша жүргізіліп келе жатқандығын айта отырып, дайындық жұмыстарының апта бойы кестеге сәйкес жүргізілгенін, алғашқы тест қорытындылары төмен көрсеткіште екендігін мәлімдеді.

«Оқушылардың ғылыми – зерттеу қызметі нәтижелерін жүйелендіру және қорытындылау» тақырыбында пән мұғалімі Тулебаева А баяндама жасады. Әдістемелік бірлестікте ғылыми жұмыспен айналысу кенже қалып бара жатқандығы ескертілді. 4 сынып оқушысы Бақытжан Б Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік тұғыры» тақырыбында ғылыми жұмыс дайындап жатқандығын айтылды.

Қаулы етті:

1. І тоқсан қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.
2. Білім сапасын көтеру жұмыстары күшейтілсін.
3. Тарих пән апталығы өз дәрежесінде өткізілсін.
4. Ғылыми жұмыс жүргізу қолға алынсын

Бірлестік жетекшісі :

Баймаханова А

«Болашақ» мектеп мекемесінің әдістемелік бірлестігінің отырыс
хаттамасы №3

Қатысқаны:25

2022ж 5 қаңтар

Күн тәртібінде:

1. II тоқсан нәтижелерін талдау
2. Білім сапасын көтеру жұмыстары
3. «Оқыту мен оқудағы әдістерді өзгерту қажеттілігі»
4. Дарынды балаларға түрлі пәндер бойынша жоғарғы деңгейдегі тапсырмалар дайындау
5. Дінтану, құқық негіздері пәндерінің жүргізілуі

Тыңдалды.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі Баймаханова А II-тоқсан қорытындысымен таныстырды. Қазақстан тарихы пәні бойынша білім сапасы 57,6 пайыз, дүниежүзі тарихы пәні бойынша 60,9 пайыз көрсеткенін, мониторинг арқылы өткен тоқсанмен салыстырғанда көрсеткіш сәл жоғарылағандығы айтылды.

Пән мұғалімі Тулебаева А білім сапасын көтеру жұмыстары 2-тоқсан бойынша жүргізіліп келе жатқандығын айта отырып, дайындық жұмыстарының апта бойы кестеге сәйкес жүргізілгенін, тест қортындылары әлі де төмен көрсеткіште екендігін мәлімдеді.

Досбол С «Оқыту мен оқудағы әдістерді өзгерту қажеттілігі» тақырыбында баяндама жасады. Сабақта қолданылатын жаңа әдіс тәсілдер, қашықтықтан бейнесабактарды тиімді пайдалану туралы айтып өтті.

Дарынды балаларға түрлі пәндер бойынша жоғарғы деңгейдегі тапсырмалар дайындауға қатысты бірлестік жетекшісі Баймаханова А таныстырылым жасады.

Қаулы етті:

1. II тоқсан қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.
2. Білім сапасын көтеру жұмыстары күшейтілсін.

3. Дарынды оқушылармен жұмыс күшейтілсін

Бірлестік жетекшісі :

Баймаханова А

«Болашақ» мектеп мекемесінің әдістемелік бірлестігінің отырыс
хаттамасы №4

Қатысқаны:4

2022ж 29наурыз

Күн тәртібінде:

1. III тоқсан нәтижелерін талдау;
- 2 Білім сапасын көтеру жұмыстары
3. Пән мұғалімдерінің ҚМЖ талқылау

Тыңдалды.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі Баймахан А III-тоқсан қорытындысымен таныстырды. Қазақстан тарихы пәні бойынша білім сапасы 59,5 пайыз, дүниежүзі тарихы пәні бойынша 56,1 пайыз көрсеткенін, мониторинг арқылы өткен тоқсанмен салыстырғанда Қазақстан тарихы пәні бойынша көрсеткіш сәл жоғарылағандығы айтылды. Дүниежүзі тарихы бойынша керісінше төмен көрсеткіш болып тұрғандығы айтылды.

Пән мұғалімі Тулебаева А білім сапасын көтеру жұмыстары 3-тоқсан бойынша жүргізіліп келе жатқандығын айта отырып, дайындық жұмыстарының апта бойы кестеге сәйкес жүргізілгенін, тест қортындылары жақсы көрсеткіште екендігін мәлімдеді.

Пән мұғалімдерінің ҚМЖ жазуы талқыланды. Кейбір мұғалімдердің тапсырма дескрипторларын көрсетпеуі сынға алынды. №130 бұйрықты басшылыққа ала отырып жазу ескертілді.

Қаулы етті:

1. I тоқсан қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.
2. Білім сапасын көтеру жұмыстары күшейтілсін.
3. ҚМЖ талапқа сай жазу әр мұғалімнен талап етілсін.

Бірлестік жетекшісі:

Баймаханова А

